

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
Стоматология факультеті
«Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық іс-шараның
ХАТТАМАСЫ

<https://www.instagram.com/reel/DP9gDe-DNM4/?igsh=MWxxN2c1M2h4ZmNseA==>

Мерзімі: 18.10.2025ж.

Орны: Арыс балалар үйі

Ұйымдастырушы: Стоматология факультетінің оқытушы профессор құрамы және белсенді студенттер

Қатысқандар: Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі Э.Ж.Тулешова, тәрбие декан орынбасары П.Б.Тасенова, аға куратор Д.Есентаев. Стоматология факультетінің 1-5 курс студенттері.

Іс-шараның мақсаты мен мәні: Бұл кездесудің мақсаты – балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, оларды мейірім мен қамқорлықтың жылуымен баурау болды. Бүлдіршіндердің күлкісі мен алғысы – біздің ең үлкен сыйымыз. Осындай қайырымдылық шаралары студенттердің рухани дамуына, адамгершілік қасиеттерінің артуына үлкен әсер етеді.

Іс-шара барысы: Қайырымдылық іс-шара барысында студенттер ән айтып, би билеп, түрлі ойындар ойнатты. Іс-шара көтеріңкі көңіл күйде өтіп, балаларға қуаныш пен жақсы көңіл сыйлады. 5-курс студенттері 5-15 жас аралығындағы балаларға ауыз қуысына санация жасады. Ауыз қуысына уақтылы санация жасау — тістердің және жалпы ағзаның саулығын сақтаудың маңызды бөлігі. Тіс күтімі жайында, ауыз қуысының гигиенасы жөнінде балаларға ақыл кеңестерін берді.

Студенттер кішкентай балалардың бетіне түрлі кейіпкерлердің, гүлдің, балалардың ұнатқан суреттерін салып берді. Бетке сурет салу — балалар мен ересектерге қуаныш сыйлайтын, шығармашылық пен көңіл көтеруді біріктіретін әдемі өнер түрі.

Қорытынды: «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық іс-шарасы мейірімділік пен адамгершіліктің жарқын үлгісі болды. Іс-шара өз мақсатына жетіп, қатысушыларға рухани әсер қалдырды. Осындай игі шаралар қоғамда мейірімділік пен бірлік сезімін нығайта түсетіні анық.





Стоматология факультетінің деканы:

У.Б.Татыкаева

Стоматология факультетінің ғылым және тәрбие ісі
жөніндегі декан орынбасары:

П.Б.Тасенова

Факультет хатшысы:

Р.Абдуллаева

